

**№136 жалпы орта білім беретін мектебінің БӘД және дене шынықтыру бірлестігінің
01.04.25-12.04.2025ж.аралығындағы апталығының қорытындысы**

Тақырыбы :«Салауатты өмір- дені сау ұрпақ»

Мақсаты: Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықтың кәдірін түсінуге және дұрыс әдеттерді сақтауға тәрбиелеу.

01.04.25-12.04.2025 ж.күндері аралығында апталықтың іс жоспары алдын ала бекітіліп ,сол жоспарға сай ашық сабақтар өткізіліп жарыстар ұйымдастырылды. Апталықтың ашылуы болып « Отбасылық эстафета » ойындар жарыс болды.Жарыс жоғары деңгейде өтті. Жарыс жеңімпаздары грамоталармен марапатталды.

01.04.25 күні дене шынықтыру бірлестігінің мұғалімі Танирбергенов Мақсат 8 F сыныбымен «Футбол ойын тактикасы» ашық сабағы өтті. Бүгінгі сабақта оқушылар футбол ойынының негізгі тактикаларын меңгерді. Командалық өзара әрекеттесу, дұрыс орын таңдау және шабуыл мен қорғаныс кезіндегі тактикалық шешімдер пысықталды. Нәтижесінде оқушылардың ойын барысында жылдам ойлау, бірлесіп әрекет ету және жеңіске ұмтылу дағдылары дамыды.

02.04.25 күні Тоқсанбай Нұрхат 8B сыныбына Ойын техникасы «Футбол.Алаңдағы қозғалыстар.» ашық сабақ өтілді. Сабақ барысында оқушылар футбол алаңындағы қозғалыстың маңызын түсінді. Ойын кезінде дұрыс орын таңдау, серіктестермен үйлесімді қозғалу және бос аймақты тиімді пайдалану тәсілдері үйретілді. Нәтижесінде оқушылардың тактикалық ойлауы мен қозғалыс мәдениеті дамыды.

08.04.25ж 9B сыныбының ашық сабағы « Ойын кеңістігінде бағыт бағдар дағдысын жетілдіру» тақырыбында Акбаров Рүстемнің ашық сабағы өтілді. Сабақта оқушылар ойын кеңістігінде дұрыс бағыт пен бағдар ұстау дағдыларын жетілдірді. Қозғалыс кезінде жағдайды тез бағалап, тиімді шешім қабылдау қабілеттері артты. Нәтижесінде кеңістікте еркін әрекет ету, серіктестермен үйлесімді ойнау және ойын тактикасын дұрыс қолдану дағдылары қалыптасты.

08.04 25ж. 6 « Г» сыныбының ашық сабағы дене шынықтыру бірлестік мұғалімі Мажитов Шыңғыс « Ойын кезінде алаңдар бағдарлау дағдыларын оқып үйрену.Футбол.Қақпашының рөлі» ашық сабағы өтті. Сабақ барысында оқушылар ойын кезінде алаңды дұрыс бағдарлауды және қақпашының маңызды рөлін түсінді. Қақпашының позиция таңдау, шабуылды бастау және команданы қорғаудағы әрекеттері пысықталды. Нәтижесінде оқушылардың кеңістікте бағдарлау, жылдам шешім қабылдау және командалық өзара әрекеттесу дағдылары дамыды.

07.04.25 11 «B» сыныбымен «Футбол ойыны.Қауіпсіздік ережесін түсіндіру.Футбол ойынының негізгі ережелерін түсіндіру» Избасаров Азаматтың ашық сабағы өз деңгейінде өтілді. Сабақта оқушылар футбол ойынындағы қауіпсіздік талаптарын және негізгі ережелерін меңгерді. Ойын барысында өз денсаулығын қорғау, қарсыласына құрметпен қарау және әділ ойын принциптерін сақтау маңыздылығы түсіндірілді. Нәтижесінде оқушылардың тәртіп, жауапкершілік және қауіпсіздік мәдениеті қалыптасты.

09.04.25ж.4 «Д» сыныбының ашық сабағы Лутфуллаев Исадулла «Допты игеру дағдыларын дамыту.Футбол» өз деңгейінде өтті. Сабақта оқушылар футбол добын игеру дағдыларын дамытты. Допты тоқтату, жүргізу және дәл беру тәсілдері пысықталды. Нәтижесінде оқушылардың үйлесімді қимыл, ептілік және техникамен жұмыс істеу қабілеттері артты.

10.04.25 ж. 5 «Г» сыныбының ашық сабағы Мамадалиев «Бақытжан Ойын кеңістігінде бағдарлау дағдыларына үйрету. Футбол. Допты баспен ұру түрлері» тақырыбында өтті. Сабақта оқушылар ойын кеңістігінде дұрыс бағдарлау тәсілдерін және допты баспен әртүрлі әдіспен ұру түрлерін үйренді. Жаттығулар арқылы допқа дәл соққы беру, бағытты бақылау және тепе-теңдікті сақтау дағдылары жетілдірілді. Нәтижесінде оқушылардың кеңістікте бағдарлау, үйлесімді қозғалу және ойын техникасын қолдану қабілеттері артты.

10.04.25 ж. 7 «Д» сыныбы Утебаева Улбала «Кеңістікте бағдарлану және допты бір біріне беру дағдыларын дамыту. Футбол. Доппен алдап өту тәсілдері. ӨҚН Салауатты өмір салты әдеттері туралы түсінік» ашық сабақ тақырыбы. Сабақта оқушылар ойын кеңістігінде бағдарлану, допты бір-біріне беру және доппен алдап өту тәсілдерін меңгерді. Сонымен қатар, салауатты өмір салтының маңыздылығы түсіндіріліп, дұрыс әдеттерді сақтау қажеттілігі айтылды. Нәтижесінде оқушылардың командалық әрекеттесу, техникалық шеберлік және денсаулыққа мән беру дағдылары дамыды.

10.04.25 ж. 3 «Ж» сыныбының ашық сабағы дене шынықтыру пән мұғалімі Құлыбекова Гүлнар «Жарыс элементтері бар ойындар. Футбол ойыны». Сабақта оқушылар жарыс элементтері бар футбол ойындарын ойнап, жарысқа дайындық, жылдамдық пен төзімділік қабілеттерін жетілдірді. Ойын барысында командалық ынтымақтастық, тактикалық ойлау және әділ ойын дағдылары қалыптасты. Нәтижесінде оқушылардың спорттық шеберлігі мен ойынға деген қызығушылығы артты.

11.04.25 ж. 5 «В» сыныбының ашық сабақ тақырыбы «Ойын кеңістігінде бағдарлау дағдыларына үйрету» Раманқұлова Ақерке өтті. Сабақ барысында оқушылар ойын кеңістігінде бағдарлану дағдыларын жетілдірді. Қозғалыс бағыттарын дұрыс тандау, серіктестермен үйлесімді әрекет ету және бос аймақты тиімді пайдалану қабілеттері дамыды. Нәтижесінде оқушылардың тактикалық ойлау және кеңістікте еркін қозғалу шеберлігі артты.

11.04.25ж. 7 «Б» сыныбы «Ойын тактикасы» тақырыбымен Қуатбаев Қалдыбек өтті. Сабақта оқушылар ойын тактикасының негізгі ережелері мен тәсілдерін меңгерді. Тактикалық жаттығулар арқылы командалық ойын, дұрыс шешім қабылдау және қарсыласты есепке алу дағдылары дамыды. Нәтижесінде оқушылардың ойын стратегиясын дұрыс қолдану қабілеті артты.

11.04.25ж. 5 «А» сыныбы Бастарбеков Нұрмахан «Қауіпсіздік ережесі. Ойын кезінде допты иелену» деген тақырыпта ашық сабағы өз деңгейінде өтілді. Сабақ барысында оқушылар ойын кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын және допты дұрыс иелену дағдыларын үйренді. Бұл олардың жарақаттан қорғау, ойын барысын тиімді ұйымдастыру және серіктестермен үйлесімді әрекет ету қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді.

12.04.25 ж. Апталықтың жабылу салтанаты дене шынықтыру бірлестігінің мұғалімдерімен «Шынықсаң шымыр боласың»- атты толағай ойыны барысында оқушылардың дене шынықтыру деңгейі артты, төзімділік, ептілік және координация дағдылары дамытылды. Толағай ойыны арқылы командалық жұмысқа бейімділік, серіктестермен ынтымақтастық және спортқа қызығушылық қалыптасты. Нәтижесінде оқушылар салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырылды.

Бірлестік жетекшісі: Тәңірбергенов М.Т.

